

## ӘБДІҒАППАР АҚМАРАЛ ТӨРЕГЕЛДІҚЫЗЫ

*педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы*



*Әбдіғаппар Ақмарал Төрегелдіқызы* 1978 жылы Отырар ауданы, Көксарай ауылында дүниеге келген. 1995 жылы М.Әуезов атындағы орта мектебін, 1995-1999 жж. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент бөлімін үздік дипломмен бітірген. 1999-2000 жж. Төлеби ауданы Ленгер қаласы Б.Момышұлы атындағы қазақ-орыс мектебінде мұғалім, 2000-2009 жж. Қазақ-араб университеті кейінгі атауы Отырар университетінде "Қазақ тілі мен әдебиеті" кафедрасының аға оқытушысы, 2009-2020 жылдың тамыз айына дейін Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті "Филология" кафедрасының магистрі, аға оқытушы, 2020-2021 жж. Silkway Халықаралық университеті "Тілдік пәндер" кафедрасының магистрі, аға оқытушы, 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті "Қазақ тілі мен әдебиеті" кафедрасының оқытушысы.

2013 жылы «Ғалым М.Мырзахметұлы зерттеулеріндегі абайтану мәселесі» тақырыбында зерттеу жұмысын жазып 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті «педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі берілді.

А.Т.Әбдіғаппар 30-тен аса ғылыми мақалалар мен 1 оқу-әдістемелік құралдың авторы. Атап айтсақ: «М.Мырзахметұлы зерттеулеріндегі абайтану мәселесі» атты оқу-әдістемелік құралын білім алушылар пайдалануда. Ғылыми еңбектерінде қазақ әдебиетінің тарихы, абайтану, қазақ тілінің фонетикасы мәселелері қарастырылған.

2020 жылы Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Үздіксіз және қашықтықтан білім беру орталығында «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында жоғары оқу орындарындағы заманауи педагогикалық технологиялар» тақырыбында, 2021 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтында «Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысының тілдік тұлғасы және кәсіби құзыреттілігі» тақырыбында біліктілік арттыру курсынан өткен.

Қазіргі кезде А.Т.Әбдіғаппар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Филология факультетінің тәрбие істері жөніндегі декан орынбасары қызметін атқарады және «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілі», пәндерінен дәріс береді.